

**"Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 мамырдағы N 8 655

"Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 3529 U973528\_ Жарлығын орындау үшін және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 507-құжат) 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

мыналардың:

1) Алматы облысы бойынша:

таратылған Капал ауданының Арасан, Егінсу, Капал, Қызылағаш, Көшкентал, Молалы, Суықсай селолық округтерінің аумақтары қосылып Ақсу ауданының;  
Таратылған Үйгентас ауданының аумағы қосылып Алакөл ауданының;  
таратылған Күрті ауданының Ақжар, Желтораңғы, Құйған, Сарыкөмей

және Топар селолық округтерінің аумақтары қосылып Балқаш ауданының;  
таратылған Шелек ауданының аумағы қосылып Еңбекші қазақ ауданының;

таратылған Күрті ауданының Айдарлы, Бозой, Сарытауқұм, теміржол селолық және Үлкен поселкелік округтерінің аумақтары қосылып Жамбыл ауданының;

таратылған Күрті ауданының Күрті селолық округінің аумағы қосылып Іле ауданының;

таратылған Гвардия ауданының аумағы қосылып Кербұлақ ауданының;  
таратылған Капал ауданының Қоңыр және Целинный селолық округтерінің аумақтары қосылып Талдықорған ауданының;

2) Шығыс Қазақстан облысы бойынша:

таратылған Шұбартау ауданының аумағы қосылып Аягөз ауданының;  
таратылған Шар ауданының аумағы қосылып Жарма ауданының;  
Тарбағатай ауданы Шілікті селолық округінің аумағы қосылып Зайсан ауданының;

өзіне бағынысты аумақтарымен бірге Серебрянка қаласының аумағы

қосылып Зырян ауданының;

таратылған Большенарым ауданының аумағы қосылып Катонқарағай ауданының;

таратылған Самар ауданының аумағы қосылып Көкпекті ауданының;

таратылған Марқакөл ауданының аумағы қосылып Күршім ауданының;

таратылған Ақсуат ауданының аумағы қосылып Тарбағатай ауданының;

таратылған Таврия ауданының аумағы қосылып Ұлан ауданының;

таратылған Мақаншы ауданының аумағы қосылып Үржар ауданының;

3) Қарағанды облысы бойынша:

таратылған Тоқырауын ауданының аумағы қосылып Ақтоғай ауданының;

таратылған Тельман ауданының аумағы қосылып Бұқар жырау ауданының;

таратылған Қазыбек би ауданының аумағы қосылып Қарқаралы ауданының;

таратылған Теңіз ауданының аумағы қосылып Нұра ауданының;

таратылған Молодежный ауданының аумағы қосылып Осакаров ауданының;

таратылған Жезді ауданының аумағы қосылып Ұлытау ауданының;

таратылған Ағадыр ауданының аумағы қосылып Шет ауданының;

4) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша:

таратылған Возвышен ауданының аумағы қосылып Булаев ауданының;

таратылған Преснов ауданының аумағы қосылып Жамбыл ауданының шекаралары өзгертілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі